

## Назар аударыңыз! Алаяқтар әрекет етуде!

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған  
(<http://blog.sko.prokuror.kz>)

## Назар аударыңыз! Алаяқтар әрекет етуде!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

ЖАДЫНАМА

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! АЛАЯҚТАР ӘРЕКЕТ ЕТУДЕ



Соңғы уақытта несиелерді жылдам әрі оңай алу (жабу) және Сіздің жинақ қорыңызды көбейту мүмкіндіктері туралы **электрондық хаттар, смс-хабарламалар** мен хабарландырулар тарату жағдайлары жандана түсті.

Әдетте алаяқтар азаматтардың сенгіштігін пайдалана отырып, оларды қаражат алудың қолжетімді шарттарымен несиелік алуға шақырады. Сонымен қатар несиелік алуға қатысты оң шешім шығару үшін алдын ала төлем жасауға көндіре бастайды немесе күдік тудыратын жобаларды инвестициялау арқылы аз уақыт ішінде пайда табуға уәде береді.



**ОСЫНДАЙ СИПАТТАҒЫ ҰСЫНЫСТАРҒА САҚТЫҚПЕН ҚАРАҢЫЗ, ӘР ШЕШІМДІ АҚЫЛҒА САЛЫП ҚАБЫЛДАҢЫЗ. ӨЗІҢІЗДІ АЛАЯҚТАРДАН ҚОРҒАУ ӨТЕ ЖЕҢІЛ.**



[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

Несие беру қызметін көрсету және салымдарды қабылдаумен айналысатын ресми түрде қызмет ететін екінші дәрежелі банктер мен шағын несиелік ұйымдар тізімімен **Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында** танысуға болады. Оған қоса, осындай ақпараттарды Ұлттық Банктің Астана, Алматы қалаларындағы және барлық облыстардағы бөлімшелерінен алуға болады.

- Қырағылық танытыңыздар, алаяқтардың айла-тәсілдеріне ермеңіздер және оларға өзіңізді алдауға жол бермеңіздер!
- Есіңізде болсын, егер өзімізді алдауға жол берсек, онда алаяқтық қарқынды дами береді.
- Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз, олар жайлы өз жақындарыңызға айтыңыз, осылайша Сіз өз капиталыңызды заңсыз әрекеттерден қорғай аласыз.
- Сіз немесе Сіздің жақындарыңыз алаяқтардың айласына түскен жағдайда немесе өзіңізге қатысты заңсыз әрекеттер жоспарланып отыр деп күдіктенсеңіз, дереу жергілікті ішкі істер немесе прокуратура органдарына хабарласыңыз.

## Назар аударыңыз! Алаяқтар әрекет етуде!

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған  
(<http://blog.sko.prokuror.kz>)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НЕСИЕНІ РӘСІМДЕУ КЕЗІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ АЛАЯҚТЫҚТАН ҚАЛАЙ САҚТАУ КЕРЕК?

#### АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ӨЗІНДІК БЕЛГІЛЕРІ



Сізге жеңімпаз болдыңыз деп (ұялы телефон арқылы), жеңілдіктер қарастырылған шарттармен несие ұсынуы мүмкін



Өте төмен пайыздық мөлшерлеме (екінші дәрежелі банктермен және шағын несиелік ұйымдармен салыстырғанда)



Оларға әлеуетті клиенттің (қарыз алушы) табыс көзі мен материалдық жағдайы маңызды емес. Жас ерекшелігіне байланысты шектеу қойылмайды



Кішкентай әріппен жазылған келісім-шартпен толық танысуға мүмкіндік бермейді



Несиелеуге қатысты оң шешім шығару үшін алдын ала төлем талап етеді (соның ішінде қарызды беруге дейін несие төлемақысын өтеу мақсатында)

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!  
АЛАЯҚТАРДЫҢ АЙЛА-ТӘСІЛДЕРІНЕ ЕРМЕҢІЗДЕР, ҚЫРАҒЫЛЫҚ ТАНЫТЫҢЫЗДАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ӨЗДЕРІҢІЗДІ  
АЛДАУҒА ЖОЛ БЕРМЕҢІЗДЕР.



Өте маңызды! Несие берушіге өтініш білдірмес бұрын Ұлттық Банктің ресми сайтында жазылған әрекет етуші банктер және шағын несиелік ұйымдар тізімімен танысыңыздар ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz))

Сіз не Сіздің жақындарыңыз алаяқтардың айласына түскен жағдайда немесе өзіңізге қатысты заңсыз әрекеттер жоспарланып отыр деп күдіктенсеңіз, дереу жергілікті ішкі істер немесе прокуратура органдарына хабарласыңыз.

**Қайнар:** <http://blog.sko.prokuror.kz/kaz/nazar-audarynyz-alayaktar-reket-etude>